ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 қазан іс №4360-23-00-2/2222 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы Л.Ж.Алтынбаеваның қатысуымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Наурыз М Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Б.Орынбаев,
Талап қоюшының өкілі И.Қалжанова,
Жауапкер өкілі Б.Маханов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 3 шілдеде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №418Т/ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 70 140 теңгеге «су-газ өткізетін құбырға темір труба диаметрі-25мм, барлығы 60 метр» тауарын талап қоюшының жазбаша өтінім негізінде 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуді міндеттенген.

Талап қоюшы 1 тамыз 2023 жылғы №2394/16 тапсырыс хатын жауапкерге жолдаған.

Жауапкер 15 тамыз 2023 жылы тауарды жеткізуге міндетті болған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Бержанов К. М., 11.12.2023
4360-23-3-1/2377

тану және 1 192 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа берген қарсы пікірінде жозықсыз қатысушы деп тануға қарсы екенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі И.Калжанова талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша тауарды 2023 жылдың 15 тамызына дейін жеткізу қажет болғанын, бірақтан тауар жеткізілмегенін, шарт 15 қыркүйектен бастап бұзылғанын, ендігі жерде жауапкер тауарды алып келсе қабылдауға мүмкіндік жоқ екенін, тұрақсыздық айыбы 17 күнге есептелгенін, жауапкерден 1192 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруге жататынын, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі Б.Маханов талап қоюмен келіспей, жылдың басынан бері талап қоюшымен бірнеше шарттарға отырғанын, шарт бойынша тауарларды алып келгенін, бірақтан талап қоюшы 8 ай бойы төлем жасамағанын, мамандарына жалақы төлей алмай қалғанын, өзі несие алғанын, несиесін төлей алмай отырғанын, сол кездері ақшасы болмай қалғанын, қазіргі таңда тауарды жетізіп беруге дайын екенін, тұрақсыздық айып төлеуге келісетінін, мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға қарсы екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Б.Орынбаев талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Бержанов К. М., 11.12.2023
4360-23-3-1/2377

жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер осы күнге дейін өз міндеттемесін орындамаған, шарт бойынша белгіленген тауарды жеткізбеген.

Жауапкер шарт талаптарына сай тауарды 2023 жылғы 15 тамызға дейін жеткізу қажет болған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 5 қыркүйекте жүгінген.

Тараптар арасындағы шарт 15 қыркүйек 2023 жылы бұзылған.

Жауапкер тарапы талап қоюшы 8 ай бойы шарт бойынша жеткізген тауарларға төлемдер жасамағанын, ақша қаражаты тапшы болғанын көрсетіп, казіргі таңда тауарды жеткізіп беруге дайын екенін көрсеткен.

Тараптар арасындағы жасалған 2023 жылғы 3 шілдедегі №418Т/ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша жауапкер жалпы сомасы 70 140 теңгеге «су-газ өткізетін құбырға темір труба диаметрі -25мм, барлығы -60 метр» тауарды жеткізуді міндеттенген.

Жауапкердің талап қоюшымен жасалған басқа шарттар бойынша төлемдер жасамағаны 2023 жылғы 3 шілдедегі №418Т/ЗЦП санды шартқа қатысы жоқ деп санайды.

Шарт 15 қыркүйек 2023 жылы бұзылған, сондықтан казіргі таңда талап қоюшы тауарды қабылдауға мүмкіндігі жоқ.

Жауапкер тарапы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы талап қоюшының қандай тауарды жеткізу қажеттігін және тауарды жеткізу мерзімін біліп, келісіп, мемлекеттік сатып алуға қатысып, жеңімпаз деп танылған.Содан кейін аталған тауарды жеткізуге келісіп, шартқа отырған.

Яғни, жауапкер шартта көрсетілген тауарды және шартта белгіленген мерзімде орындауға міндеттенген.

Алайда, жауапкер шарт бойынша тауарды шартта белгіленген мерзімде жеткізбеген.

Бұндай жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді деп сот санайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Бержанов К. М., 11.12.2023
4360-23-3-1/2377

Шарттың 8.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы 17 күнге 1 192 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

Бұндай жағдайда жауапкерден 1 192 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары және талап қоюшының пайдасына 35 теңге төленген мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Наурыз М Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Наурыз М Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Наурыз М Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 1 192(бір мың бір жүз тоқсан екі) теңге тұрақсыздық айыбы және сотқа дейін төленген сот шығыны 35(отыз бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер «Наурыз М Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Бержанов К. М., 11.12.2023
4360-23-3-1/2377

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Бержанов К. М., 11.12.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -